



САРҒЫЛАРҚА

16 қыркүйек, бейсенбі
2010 жыл
www.saryarka-samaly.kz

САМАЛЫ



№ 104
(14592)

ГАЗЕТ 1929 ЖЫЛҒЫ 15 АҚПАННАН ШЫҒАДЫ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

«АТАМЕКЕН» КІТАПТАР СЕРИЯСЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті 50 жылдық мерейтойын атап өтуде. Аталған мереке аясында көптеген игі шаралар жүзеге асуда. Солардың бірі - «Атамекен» кітаптар сериясының жарық көруі. Шығармалардың тұсаукесеріне кітаптар авторлары қатысты. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор Ерлан Арын: «Бұл кітаптар сериясының ұлттық көзқарасты қалыптастырудағы құндылығы шексіз. Барлық мәліметтер тек қана қазақ тілінде жазылған. Осы арқылы жоғары нәтижеге қол жеткізіп отырмыз. Кітаптар міндетті түрде қаламыздағы кітапханаларға, республикамыздағы университет кітапханаларына тегін таратылады», - деп атап өтті.

Өрқайсысы 100 дана болып шыққан 15 кітаптың авторлары қатарында М.Әбілтайұлы, Қ.Қабдиұлы, Қ.Сартқожаұлы, О.Құрманұлы, З.Қазыханұлы, Қ.Тұрсынхан, М.Аяханұлы, И.Жеменей, Д.Баймолда, З.Қинаятұлы, Д.Мәсімханұлы және тағы басқа ғалымдар бар.

ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕНІ ҰШТАСТЫРҒАН ОҚУЛЫҚ

«Қазақстан Алюминийі» АҚ құнарлы топырақ және алюминий өндірісі бойынша оқитын студенттер мен аспиранттарға арналған «Развитие технологии производства глинозема из бокситов Казахстана» оқулығын жарыққа шығарды. Еңбек авторлары - Халықаралық минералды ресурстар Академиясының академигі, ҚР минералды ресурстар Академиясының құрметті академигі, Е.Букетов атындағы сыйлықтың лауреаты, Ресейдің экономикалық ғылым және кәсіпкерлік сала Академиясының коммерция докторы, «Қазақстан Алюминийі» АҚ президенті Алмаз Ибрагимов және ҚР минералды ресурстар Академиясының корреспондент мүшесі, «Алюминий Қазақстан» АҚ вице-президенті Сергей Будон.

Оқулықтың С.Торайғыров атындағы ПМУ-де ұйымдастырылған тұсаукесерінде презентациясына қатысқан «Қазақстан Алюминийі» АҚ қызметкерлер және корпоративті коммуникация істері жөніндегі істер вице-президенті Мұратқазы Жанғазқов: «1000 дана болып шыққан кітапта бокситтен глинозем

алудың технологиясы, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етудің нәтижесінде өнімнің саны мен сапасының артатыны жайлы, әлемдік тәжірибеден ақпарат және тағы да басқа мағлұматтар келтірілген», - деді. Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау мәселелері де сөз болған. «4 бөлімнен тұратын оқулық әрбір студент үшін жаңа ғылыми жұмыстың қайнар көзі, бастау бұлағы бола алады», - деді «Қазақстан Алюминийі» АҚ коммерциялық істер жөніндегі вице-президенті Ағыбай Сәбитов. Университеттің металлургия, көлік жасау және транспорт факультетінің деканы Төлеуғазы Тоқтағановтың айтуынша, студенттер әр түрлі деңгейдегі олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындар алуда. Мұндай жетістіктерге жету - студенттердің теория мен тәжірибені қатар ұштасытырған кітаптарды көп оқуының нәтижесі.

«Қазақстан Алюминийі» АҚ-ы «Байер-спекание» технологиясы бойынша төмен сұрыпты бокситтен глинозем өндіретін әлемдегі жалғыз мемлекет. Бұл - мамандардың терең ғылыми ойының жемісі деп

атап өтті қызметкерлер. Ал кәсіби білікті маман дайындау - университет ұжымының жұмысы. Осы орайда екіжақты, яғни өндіріс пен жоғары оқу орны арасындағы тығыз, әріптестік қарым-қатынас жоғары нәтиже беретіні сөзсіз. Оған С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті мен «Қазақстан Алюминийі» АҚ серіктестігін үлгі ретінде келтіруге болады. Университетте металлургия мамандығы бойынша 20 студент зауыт тарапынан қарастырылған грантта оқып жүр. Қазіргі таңда өндіріс орнында қызмет атқарып жүрген жұмыскерлердің үштен бір бөлігі аталған білім ордасының түлектері екен. Оқу-өндірістік тәжірибеден өту кезінде де студенттер өндірістегі жұмыстармен танысып, қажетті ақпарат ала алады.

Жиын соңында «Болашақ металлургтер» қонақтарға сауалдар қойып, нақты, толық жауап алды.

Құндыз ҚАБЫЛДЕНОВА.

С.Торайғыров атындағы
ПМУ студенті.